

Алматы қаласы және Алматы облысы, Жетісу облысы бойынша қоршаған орта жай – күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені

жарты жылдық 2023 жыл



Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ Алматы қаласы
бойынша филиалы

| | Мазмұны | Бет. |
|----------|---|-------------|
| | Алғы сөз | 3 |
| 1 | Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері | 4 |
| 2 | Атмосфералық ауа сапасының мониторингі | 5 |
| 3 | Атмосфералық жауын-шашынның және қар жамылғысының химиялық құрамы | 19 |
| 4 | Жер үсті суларының сапасының мониторингі | 20 |
| 5 | Түптік шөгінділерінің жай-күйі | 21 |
| 6 | Топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі | 21 |
| 7 | Радиациялық жағдай | 22 |
| 8 | Топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы | 23 |
| | 1 Қосымша | 25 |
| | 2 Қосымша | 27 |
| | 3 Қосымша | 30 |
| | 4 Қосымша | 32 |
| | 5 Қосымша | 32 |
| | 6 Қосымша | 35 |
| | 7 Қосымша | 36 |
| | 8 Қосымша | 36 |

Алғы-сөз

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіндегі қоршаған ортаның жай-күйін бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалды.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, қоғамды және тұрғындарды Алматы және Алматы облысы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабарлауға арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясы.

Атмосфералық ауаның сапасын бағалау
Алматы қаласы және Алматы облысы, Жетісу облысы.

1. Алматы қаласы және Алматы облысы, Жетісу облысы бойынша атмосфералық ауаны ластаушы негізгі көздер

Статистикалық деректер: кәсіпорындардың нақты шығарындыларының жалпы көлемі – 46 062,23 тонна. Шығарындыларды жүзеге асыратын кәсіпорындардағы стационарлық көздер саны – 10 359 бірлік. Жылумен жабдықтау көздерінің (қазандықтар және ЖЭО) саны-151 бірлік, оларға 500 энергия қондырғысы орнатылған.

Жасыл экономика басқармасының мәліметіне сәйкес, Алматы қаласындағы жеке үйлердің саны - 151 059 бірлікті құрайды. Оның ішінде газбен жылыту бойынша-149 211 бірлік

Полиция департаментінің деректері бойынша Алматы қаласында 560168 бірлік автокөлік құралдары тіркелген, оның ішінде: жеңіл автомобильдер – 503729 бірлік және АТС жалпы санының 89,9% – ын құрайды, автобустар – 9 344 бірлік, бұл 1,7% – ды құрайды, жүк автомобильдері – 38425 бірлік және 6,9% - ды құрайды, арнайы техника-1192 бірлік және 0,2% - ды құрайды және мотокөлік-7478 бірлік, бұл 1,3% - ды құрайды.

Жыл сайын автокөлік саны 42668 бірлікке артып келеді.

1.1 Жетісу облысы бойынша атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздер

Жетісу облысының атмосфералық ауасына әсер ететін негізгі көздер: жылуэнергетика кәсіпорындары, автокөлік транспорты, аймақтық пайдалану бөлімдерінің әскери гарнизондарының жағу пештері, кәсіпорындар, мекемелер, сондай-ақ ауылшаруашылық және құрылыс материалдарының нысандары.

«Жетісу облысы Экология Департаменті» ММ деректері бойынша ластаушы заттектерді шығаратын тұрақты көздерінің саны: 15 221 бірлік, оның ішінде ұйымдастырылған - 9778, тазарту құрылғыларымен жабдықталған -500

Айта кетерлік жайт, облыстың көптеген кәсіпорындарында қоршаған ортаға кері әсерді азайтатын табиғатты қорғау іс-шаралары енгізілуде, сонымен қатар қазандықтар мен жылу электрстанцияларын газдық жағуға көшу арқылы технологиялық процестерді жандандыру, қолданыстағы тазарту құрылғыларын жаңғырту және жаңа құрылғыларды пайдалануды бастау нәтижесінде атмосфераға бейорганикалық шаң, күйе және көмірсутектер, ауыр металдардың атмосфераға шығарындылары қысқарған.

Сондай-ақ, облыста газбен қамтамасыз ету жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда табиғи газға 156 елді-мекендер (33%) қосылды, газға 1,2 млн. Адамға қол жетімді болды (59%).

2. Алматы қаласы және Алматы облысы, Жетісу облысының 2023 жылғы 2 тоқсанға арналған атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Алматы қаласының атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді, қол күшімен сынама алынатын 5 бекетте, және 11 автоматты бекетте жүргізіледі. Қосымша 1

Жалпы қала бойынша 25 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектері (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) формальдегид; 10) озон; 11) кадмий; 12) мыс; 13) күшән; 14) қорғасын; 15) хром (6+); 16) никель; 17) мырыш; 18) бенз(а)пирен; 19) бензол, 20) этилбензол, 21) хлорбензол, 22) параксиллол, 23) метаксиллол, 24) кумол, 25) ортаксиллол.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасуы және әр бекетте анықталатын көрсеткіштер тізімі туралы ақпараттар келтірілген.

Бақылау бекеттерінің және анықталған қоспалардың орналасуы

1 Кесте

| Бекет нөмірі | Сынама мерзімі | Бақылау жүргізу | Бекет мекен-жайы | Анықталатын қоспалар |
|--------------|-------------------|--|---|---|
| 1 | тәулігіне 4 рет | қол күшімен алынған сынама (диск ретті әдіс) | Амангелді к-сі. Сәтбаев к-сі бұрышы | Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол, азот оксиді, формальдегид, бенз(а)пирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксиллол, метаксиллол, кумол, ортаксиллол |
| | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | | Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, диоксид азоты, озон |
| 12 | тәулігіне 3 рет | қол күшімен алынған сынама (диск ретті әдіс) | Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы | Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол, азот оксиді, формальдегид, бенз(а)пирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксиллол, метаксиллол, кумол, ортаксиллол |
| | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | | Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, диоксид азоты, озон |
| 16 | тәулігіне 3 рет | қол күшімен алынған сынама (диск ретті әдіс) | Айнабұлақ-3 ш-а | Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол, азот оксиді, формальдегид, бенз(а)пирен, бензол, |

| Бекет нөмірі | Сынама мерзімі | Бақылау жүргізу | Бекет мекен-жайы | Анықталатын қоспалар |
|--------------|-------------------|---|--|---|
| | | | | этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол |
| | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | | Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, диоксид азоты, озон |
| 25 | тәулігіне 3 рет | қол күшімен алынған сынама(диск ретті әдіс) | Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы | Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол, азот оксиді формальдегид, бенз(а)пирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол |
| | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | | Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, диоксид азоты, озон |
| 26 | тәулігіне 3 рет | қол күшімен алынған сынама(диск ретті әдіс) | Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ЖШС «Орталық отбасылық клиника» | Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, фенол, азот оксиді формальдегид, бенз(а)пирен, бензол, этилбензол, хлорбензол, параксилол, метаксилол, кумол, ортаксилол |
| | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | | Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, диоксид азоты, озон |
| 1 | үзіліссіз режимде | әр 20 минут сайын | Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді. |
| 2 | | | Автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Іле ауданы | |
| 3 | | | Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы | |
| 4 | | | №32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы | |
| 5 | | | «Халық арена» мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы | |
| 6 | | | Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы | |

| Бекет нөмірі | Сынама мерзімі | Бақылау жүргізу | Бекет мекен-жайы | Анықталатын қоспалар |
|--------------|----------------|-----------------|---|---|
| 27 | | | Алатау ауданы Айгерім 2 ш-а, В.Бенберин 63; | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді. |
| 28 | | | аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50 | PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон. |
| 29 | | | Түрксіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі, 14 | |
| 30 | | | «Шаңырақ» ш-а, №26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі, 202 | |
| 31 | | | Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы) | |

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Алматы қаласында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу қосымша 10 нүкте бойынша жүргізіледі: Талғар қаласында (2 нүкте), Есік қаласында (2 нүкте), Түрген ауылында (2 нүкте), Өтеген Батыр кентінде (2 нүкте), ТКТ. Қаскелең (2 нүкте) (2-қосымша). 15 көрсеткіш бойынша: 1) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 2) PM-10 қалқыма бөлшектер; 3) күкірт диоксиді; 4) азот оксиді; 5) азот диоксиді; 6) көміртегі оксиді; 7) фенол; 8) формальдегид; 9) бензол; 10) этилбензол; 11) хлорбензол; 12) параксиллол; 13) метаксиллол; 14) кумол; 15) ортаксиллол.

Алматы қаласында 2023 жылғы I жарты жылдыққа арналған атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қалада атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі стандарттық индекс бойынша №16 бекет аумағында көміртек оксиді бойынша СИ=15,6 (өте жоғары деңгейде) болып бағаланды.

**БҚ деректері бойынша, егер СИ>10 болса, онда ЕЖҚ орнына, кем дегенде бір бақылау кезеңінен бастап СИі>10 күндер саны анықталады*

Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері: Көміртек оксиді (11914 рет), озон (5742 рет), қалқыма бөлшектер PM-2,5 (4398 рет), азот диоксиді (4238 рет), қалқыма бөлшектері PM-10 (1218 рет), азот оксиді (1195 рет), күкірт диоксиді (20 рет), қалқыма бөлшектері (шаң) (11 рет), бойынша ең жоғары бір реттік ШЖШ арту саны байқалды.

Көміртек оксиді бойынша (932 рет) ең жоғары бір реттік ≥ 5 ШЖШ арту саны байқалды және озон бойынша (41).

Көміртек оксиді бойынша (29 рет) ең жоғары бір реттік ≥ 10 ШЖШ арту саны байқалды.

Қалқыма бөлшектері (шаң), азот диоксиді және озон бойынша орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі, ең көп азот диоксиді бойынша байқалды.

Ең жоғары қайталану көрсеткішінің артуы негізінен қалқыма бөлшектері PM_{2,5}, PM₁₀, азот оксиді мен диоксиді, көміртек оксиді, озон есебінен байқалды, бұл автокөліктің және метеорологиялық жағдайлардың ауаның ластануына айтарлықтай үлес қосатынын көрсетеді.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң)-1,1 ШЖШм.б., PM-2,5 қалқыма бөлшектері –4,5 ШЖШм.б., PM-10 қалқыма бөлшектері–2,4 ШЖШм.б., күкірт диоксиді–2,4 ШЖШм.б., көміртегі тотығы –15,6 ШЖШм.б., азот диоксиді –4,1 ШЖШм.б., азот оксиді –2,1 ШЖШм.б, озон-9,5 ШЖШм.б, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: қалқыма бөлшектері (шаң)-1,0 ШЖШо.т, азот диоксиді-1,5 ШЖШо.т, озон 1,0 ШЖШо.т, құрады, басқа ластаушы заттар –ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану(ЭЖЛ) жағдайы:

2023 жылғы 6, 21, 31 қаңтар, 21, 22, 24, 28 ақпан, 1, 2 наурыз №16 (Айнабұлақ-3 ш-а), №26 (Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ЖШС «Орталық отбасылық клиника») автоматты бақылау бекеттерінің мәліметі бойынша көміртек тотығы (10,0-15,6 ШЖШ) бойынша 29 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері Кесте 2-де көрсетілген.

2-Кесте


Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

| Қоспа | Орташа шоғыр (Q _{о.т.}) | | Ең жоғарғы бір реттік шоғыр (Q _{м.б.}) | | ЕЖҚ | ШЖШ арту жағдайларының саны | | |
|---------------------------|--------------------------------------|---------------------------------------|--|---|-----|-----------------------------------|---------------|----------------|
| | мг/м ³ | ШЖШ _{о.т.} асу еселігі | мг/м ³ | ШЖШ _{м. б.} асу еселігі | % | > ШЖШ | >5 ШЖ Ш | >10 ШЖ Ш |
| | | | | | | | оның ішінде | |
| | | | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | | | |
| Қалқыма бөлшектер (шаң) | 0,16 | 1,08 | 0,54 | 1,1 | 1 | 11 | | |
| PM-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,02 | 0,5 | 0,72 | 4,5 | 12 | 4398 | | |
| PM-10 қалқыма бөлшектері | 0,02 | 0,35 | 0,72 | 2,4 | 5 | 1214 | | |
| Күкірт диоксиді | 0,03 | 0,61 | 1,20 | 2,4 | | 20 | | |
| Көміртегі оксиді | 1,03 | 0,34 | 77,83 | 15,6 | 29 | 11896 | 932 | 29 |

| | | | | | | | | |
|---------------|--------|------|-------|------|----|------|----|--|
| Азот диоксиді | 0,05 | 1,4 | 0,81 | 4,1 | 14 | 4205 | | |
| Азот оксиді | 0,05 | 0,8 | 0,83 | 2,1 | 4 | 1195 | | |
| Озон | 0,04 | 1,22 | 1,51 | 9,5 | 42 | 5714 | 41 | |
| Фенол | 0,001 | 0,39 | 0,01 | 0,60 | | | | |
| Формальдегид | 0,01 | 0,9 | 0,04 | 0,78 | | | | |
| Бензол | 0,005 | 0,05 | 0,01 | 0,03 | | | | |
| Хлорбензол | 0,003 | | 0,01 | 0,10 | | | | |
| Этилбензол | 0,00 | | 0,01 | 0,50 | | | | |
| Бенз(а)пирен | 0,0003 | 0,29 | 0,001 | | | | | |
| Параксилол | 0,000 | | 0,01 | 0,05 | | | | |
| Метаксилол | 0,00 | | 0,00 | 0,00 | | | | |
| Ортоксилол | 0,00 | | 0,00 | 0,00 | | | | |
| Кумол | 0,00 | | 0,00 | 0,00 | | | | |
| Кадмий | 0,001 | 0,00 | | | | | | |
| Қорғасын | 0,010 | 0,03 | | | | | | |
| Күшәла | 0,001 | 0,00 | | | | | | |
| Хром | 0,005 | 0,00 | | | | | | |
| Мыс | 0,011 | 0,01 | | | | | | |
| Никель | 0,001 | 0,00 | | | | | | |
| Мырыш | 0,039 | 0,00 | | | | | | |

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 1-ші жарты жылдыққа арналған ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай 1-ші жарты жылдыққа 2020, 2021, 2022 жж. ластану деңгейі жоғары, 2019-2023 жж. өте жоғары болып бақыланды.

Метеорологиялық жағдайлар.

Қаңтардың бірінші жартысында қалада жауын-шашын жиі байқалды, екінші жартысында антициклонның әсерінен жауын-шашынсыз ауа-райы болды. Атмосфералық фронттардың әсерінен жауын - шашын (негізінен қар) болды-кішкентайдан ауырға дейін. Қалың қар 1 қаңтарға қараған түні (12 мм құлады) және 4 қаңтарда (8 мм құлады) байқалды. Тек бір айда 22 мм түсті, бұл нормадан екі есе аз (норма 43 мм). Бүкіл кезеңдегі желдің максималды

жылдамдығы 4 м/с аспады. Айдың бірінші және үшінші онкүндігінде ауа температурасы түнде 0-5-тен 6-11-ге дейін, күндіз 0-5-тен 0-5-ке дейін, қаңтардың екінші жартысында ауа температурасы түнде 12-ден 20-ға дейін, күндіз 7-ден 13-ке дейін төмендеді. аяз.

Ақпан айында негізінен жауын - шашынсыз болды, кейбір күндері атмосфералық фронттардың әсерінен жауын-шашын (жаңбыр, қар) болды-кішкентайдан қоңыржайға дейін. Небәрі бір айда 42 мм құлады, бұл нормаға жақын (норма 43 мм).Түнде ауа температурасы 0-5 аяздан 6-11 аязға дейін, күндіз 0-5 жылудан 9-14 жылуға дейін болды.

Наурызда негізінен жауын - шашынсыз болды, кейбір күндері атмосфералық фронттардың әсерінен жаңбыр мен қар түрінде жауын-шашын болды-аздан қоңыржайға дейін. Жауын-шашынның ең көп мөлшері 13 наурызға қараған түні болды және 25 мм болды. тек бір айда 57 мм түсті, бұл нормадан аз (72 мм норма).Түнде ауа температурасы 0-5-тен 8-13-ке дейін, күндіз 0-5-тен 19-24-ке дейін болды.

Сәуір айында жауын - шашынсыз ауа-райы басым болды, кейбір күндері атмосфералық фронттардың әсерінен жауын-шашын жауды, таулы жерлерде қар түрінде-аздан қоңыржайға дейін. Жауын-шашынның ең көп мөлшері 11 сәуірде болды: түнде 11 мм және күндіз 12 мм және тәулігіне 23 мм болды. тек бір айда 65.6 мм түсті, бұл нормадан аз (норма 112 мм).Бүкіл кезеңдегі желдің максималды жылдамдығы 11 сәуірде байқалды және 12 м/с болды.ауа температурасы түнде 0-5 аяздан 12-17 жылуға дейін, күндіз 3-8-ден 22-27 жылуға дейін болды.

Мамыр айының басында Алматы облысының аумағына суық ауа массаларының Солтүстік шапқыншылығы орын алды. Алдыңғы бөлімдердің өтуімен айдың басында Алматы қаласында жаңбыр жауды, бірінші онкүндікте суық антициклон орнатылғаннан кейін мұнда жауын-шашынсыз салқын ауа райы байқалды. Екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында қалада қысқа мерзімді жаңбыр жауды (кішкентайдан орташаға дейін), найзағай соғып, қаланың жоғарғы бөлігінде бұршақ жауды.Жауын-шашынның ең көп мөлшері қаланың жоғарғы бөлігінде 20-22 мамыр аралығында түнде 12-15 мм аралығында болды. Тек бір айда 41.3 мм құлады, бұл нормадан аз (99 мм норма).Барлық кезеңдегі желдің максималды жылдамдығы 2-7 м / с құрады, кейбір күндері екпіні 9-13 м / с жетті. ауа температурасы түнде 9-16, күндіз 21-30 градус аралығында болды, кезеңнің басында ауа температурасы түнде 0-7-ге дейін, күндіз 11-15-ке дейін төмендеді.

Маусым айы Алматы қаласында өте құрғақ және жылы болды. Айдың бірінші онкүндігінде орта тропосферадағы жылы биік жота Иранның аудандарынан тек Орта Азияға ғана емес, Батыс Сібірдің аудандарына да құрғақ тропикалық ауаның түсуін қамтамасыз етті, осыған байланысты қаладағы кейбір күндері ауа температурасы қауіпті мәндерге дейін көтерілді.Екінші онкүндіктің басында қалада солтүстік-батыс

антициклонының шабуылымен қатты ыстық болды, бірақ фронтальды бөлімдердің өтуі күтілетін ылғал әкелмеді. Екінші және үшінші онкүндіктің басында ғана қалада қысқа мерзімді сипаттағы аздаған жаңбыр жауды. Үшінші онкүндіктің ортасында және соңында да аз жаңбыр жауды. Тек бір айда 2.8 мм түсті, бұл норманың 10% - дан аз (59 мм норма). Түнде ауа температурасы 14-19-дан 20-24 градусқа дейін ауытқиды, күндіз температураның негізгі фоны 26-33 градус аралығында болды, тек бірінші онкүндіктің соңында 36 градусқа дейін көтерілді.

Талғар ауданы Талғар қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әзірбаев көшесі, №2 нүкте – Бокин көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, РМ-10, күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегидтің, ҰОҚ және күкіртсутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша көміртегі оксиді ең жоғары бір реттік шоғыры 1,0 ШЖШ №1 нүктеде Әзірбаев к-і, қалған ластаушы заттар рұқсат етілген норма шегінде болды. (3-кесте).

Талғар қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

3 кесте

| Анықталатын қоспалар | №1 нүкте | | №2 нүкте | |
|---------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|
| | q _т мг/м ³ | q _т /ШЖШ | q _т мг/м ³ | q _т /ШЖШ |
| РМ-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,025 | 0,16 | 0,040 | 0,25 |
| РМ-10 қалқыма бөлшектері | 0,040 | 0,13 | 0,064 | 0,21 |
| Күкірт диоксиді | 0,003 | 0,01 | 0,003 | 0,01 |
| Көміртегі оксиді | 4,8 | 1,0 | 3,0 | 0,5 |
| Азот диоксиді | 0,050 | 0,25 | 0,050 | 0,25 |
| Фенол | 0,001 | 0,10 | 0,001 | 0,10 |
| Формальдегид | 0,002 | 0,4 | 0,001 | 0,02 |
| Күкірт сутегі | 0,003 | 0,4 | 0,003 | 0,4 |
| ҰОҚ | 10,5 | | 8,3 | |

Еңбекші қазақ ауданы Есік қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Есік қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Тоқатаев көшесі, №2 нүкте – Абай көшесі, 87) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, РМ-10, күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегидтің, ҰОҚ және күкіртсутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады. (4-кесте).

Есік қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

4 кесте

| Анықталатын қоспалар | №1 нүкте | | №2 нүкте | |
|---------------------------|---------------------|--------|---------------------|--------|
| | q ₃ мг/м | qm/ШЖШ | q ₃ мг/м | qm/ШЖШ |
| PM-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,045 | 0,28 | 0,035 | 0,22 |
| PM-10 қалқыма бөлшектері | 0,090 | 0,30 | 0,052 | 0,17 |
| Күкірт диоксиді | 0,003 | 0,01 | 0,002 | 0,00 |
| Көміртегі оксиді | 1,5 | 0,3 | 3,5 | 0,7 |
| Азот диоксиді | 0,040 | 0,20 | 0,040 | 0,20 |
| Фенол | 0,002 | 0,20 | 0,001 | 0,10 |
| Формальдегид | 0,002 | 0,04 | 0,001 | 0,02 |
| Күкірт сутегі | 0,005 | 0,6 | 0,003 | 0,4 |
| ҰОҚ | 8,9 | | 8,6 | |

Еңбекші қазақ ауданы Түрген ауылының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Түрген ауылында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Құлмамбет көшесі, 1; №2 нүкте – Құлмамбет көшесі, 145) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер PM-2,5, PM-10, күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегидтің, ҰОҚ және күкіртсутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады. (5-кесте).

Түрген ауылының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

5 кесте

| Анықталатын қоспалар | №1 нүкте | | №2 нүкте | |
|---------------------------|---------------------|--------|---------------------|--------|
| | q ₃ мг/м | qm/ШЖШ | q ₃ мг/м | qm/ШЖШ |
| PM-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,023 | 0,14 | 0,043 | 0,27 |
| PM-10 қалқыма бөлшектері | 0,029 | 0,10 | 0,029 | 0,10 |
| Күкірт диоксиді | 0,000 | 0,00 | 0,000 | 0,00 |
| Көміртегі оксиді | 3,0 | 0,6 | 2,4 | 0,5 |
| Азот диоксиді | 0,40 | 0,20 | 0,040 | 0,20 |
| Фенол | 0,000 | 0,00 | 0,001 | 0,10 |
| Формальдегид | 0,000 | 0,00 | 0,000 | 0,00 |
| Күкірт сутегі | 0,004 | 0,5 | 0,004 | 0,5 |
| ҰОҚ | 6,3 | | 4,4 | |

Іле ауданы Өтеген Батыр кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өтеген Батыр кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Пушкин көшесі, 31; №2 нүкте – Гагарин көшесі, 6) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, РМ-10, күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегидтің, ҰОҚ және күкіртсутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (6-кесте).

Өтеген батыр кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

6 кесте

| Анықталатын қоспалар | №1 нүкте | | №2 нүкте | |
|---------------------------|---------------------|--------|---------------------|--------|
| | qmmг/м ₃ | qm/ШЖШ | qmmг/м ₃ | qm/ШЖШ |
| РМ-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,044 | 0,28 | 0,047 | 0,29 |
| РМ-10 қалқыма бөлшектері | 0,056 | 0,19 | 0,089 | 0,30 |
| Күкірт диоксиді | 0,001 | 0,00 | 0,002 | 0,00 |
| Көміртегі оксиді | 4,2 | 0,8 | 3,6 | 0,7 |
| Азот диоксиді | 0,050 | 0,25 | 0,030 | 0,15 |
| Фенол | 0,004 | 0,40 | 0,003 | 0,30 |
| Формальдегид | 0,001 | 0,02 | 0,001 | 0,02 |
| Күкірт сутегі | 0,005 | 0,6 | 0,005 | 0,6 |
| ҰОҚ | 12,4 | | 8,6 | |

Қарасай ауданы Қаскелен қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Әкімшілік, №2 нүкте – Аблай хан көшесі) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, РМ-10, күкірт диоксидінің, көміртегі оксиді, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегидтің, ҰОҚ және күкіртсутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады. (7-кесте).

Қаскелен қала үлгісіндегі кентінің бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

7 кесте

| Анықталатын қоспалар | №1 нүкте | | №2 нүкте | |
|---------------------------|---------------------|--------|---------------------|--------|
| | qmmг/м ₃ | qm/ШЖШ | qmmг/м ₃ | qm/ШЖШ |
| РМ-2,5 қалқыма бөлшектері | 0,029 | 0,18 | 0,035 | 0,22 |

| | | | | |
|--------------------------|-------|------|-------|------|
| PM-10 қалқыма бөлшектері | 0,035 | 0,12 | 0,043 | 0,14 |
| Күкірт диоксиді | 0,003 | 0,01 | 0,003 | 0,01 |
| Көміртегі оксиді | 2,0 | 0,4 | 2,6 | 0,5 |
| Азот диоксиді | 0,030 | 0,15 | 0,030 | 0,15 |
| Фенол | 0,000 | 0,00 | 0,000 | 0,00 |
| Формальдегид | 0,000 | 0,00 | 0,000 | 0,00 |
| Күкірт сутегі | 0,004 | 0,5 | 0,003 | 0,4 |
| ҰОҚ | 3,6 | | 3,5 | |

2.1 Жетісу облысының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Жетісу облысында атмосфералық ауасының жай-күйіне бақылаулар 3 автоматты станцияларда (Талдықорған қ.(2) және Жаркент қ.(1) жүзеге асырылады. (Қосымша 1).

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша 7 көрсеткіш анықталады: 1) *PM-10 қалқыма бөлшектер*; 2) *PM-2,5 қалқыма бөлшектер*; 3) *күкірт диоксиді*; 4) *көміртегі оксиді*; 5) *азот диоксиді*; 6) *азот оксиді*; 7) *күкіртті сутегі*.

Жаркент қалалары бойынша 4 көрсеткіш анықталады: 1) *күкірт диоксиді*; 2) *көміртегі оксиді*; 3) *азот диоксиді*; 4) *озон*.

Кесте 8-де бақылау бекеттерінің орналасқан жерлері және әр бекеттегі анықталатын көрсеткіштер тізімі ұсынылған.

Кесте 8

Бақылау бекеттерінің орналасқан жерлері және анықталатын көрсеткіштер

| № | Сынама алу мерзімі | Бекеттің мекен-жайы | Анықталатын қоспалар |
|---|--------------------------------------|---|--|
| 1 | Үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын | Талдықорған қ., Гагарин көшесі, 216 және Жабаев көшесінің қиылысы | PM-10 қалқыма бөлшектер, PM-2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі. |
| 2 | | Талдықорған қ., Қонаев көшесі, 22, «Жастар» спорткешені аймағы | PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі. |
| 3 | | Жаркент қ., Ы.Кошқунов көшесі, 7/5 | күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон. |

Тұрақты бақылау бекеттерінен басқа, Жетісу облысында жылжымалы экологиялық зертхана қызмет етеді, оның көмегімен Талдықорған қаласы бойынша қосымша 2 нүктеде ауа сапасына (Қосымша 2) 6 көрсеткіштер бойынша өлшеулер жүрзіледі: 1) *азот диоксиді*; 2) *күкірт диоксиді*; 3) *азот оксиді*; 4) *көміртегі оксиді*; 5) *фенол*; 6) *формальдегид*.

2023 жылдың 1-ші тоқсанындағы Талдықорған қ. атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қалада атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *жоғары деңгейде* болып бағаланды, СИ тең 6,1 (жоғарғы деңгей) *күкіртті сутегі* мәнімен №2 бекет аумағында анықталды және ЕЖҚ=5 % (көтеріңкі деңгей) Қалқыма бөлшектер РМ-2,5 мәнімен №1 бекет аумағында анықталды.

** БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары: күкіртті сутегі-6,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер-4,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектер-3,3 ШЖШ_{м.б.}, Көміртегі оксиді-1,6 ШЖШ_{м.б.} азот оксиді-1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді-1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді-1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары азот диоксиді-1,0 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттектердің мөлшері ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЭЖЛ және ЖЛ) : ЖЛ (10 ШЖШ дан жоғары) және ЭЖЛ (50 ШЖШ жоғары) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері Кесте 9-де көрсетілген.


Кесте 9

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

| Қоспа | Орташа шоғыр | | Ең жоғарғы бір реттік шоғыр | | ЕЖҚ | ШЖШ арту жағдайларының саны | | |
|--------------------------|--------------|-------------------------------------|-----------------------------|------------------------------------|-----|-----------------------------|--------------|---------|
| | мг/м³ | ШЖШ _{о.т} . асу еселігі | мг/м³ | ШЖШ _{м.б.} асу еселігі | % | >ШЖШ | >5 ШЖШ | >10 ШЖШ |
| | | | | | | | соның ішінде | |
| Қалқыма бөлшектер РМ-2,5 | 0,02 | 0,57 | 0,73 | 4,5 | 5 | 568 | | |
| Қалқыма бөлшектер РМ-10 | 0,02 | 0,38 | 1,0 | 3,3 | 2 | 218 | | |
| Күкірт диоксиді | 0,01 | 0,29 | 0,67 | 1,3 | 0 | 2 | | |
| Көміртегі оксиді | 0,70 | 0,23 | 8,13 | 1,6 | 1 | 166 | | |
| Азот диоксиді | 0,04 | 1,1 | 0,20 | 1,0 | 0 | 2 | | |
| Азот оксиді | 0,02 | 0,33 | 0,70 | 1,8 | 0 | 38 | | |
| Күкіртті сутегі | 0,001 | | 0,05 | 6,1 | 0 | 31 | 1 | |

Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі 1-ші жарты жылдығындағы келесідей өзгерді:



Графиктен көрініп тұрғандай, 2019-2022 жж. 1-ші жарты жылдығындағы атмосфералық ауасының ластану деңгейі тұрақты түрде көтеріңкі деңгейді көрсетті, тек 2023 жылдың 1-ші жарты жылдығындағы көрсеткіші жоғары деңгейде байқалды.

Ең жоғарғы бір реттік шоғырлардың арту саны бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектер (**568**), РМ-10 қалқыма бөлшектер (**218**), Көміртегі оксиді (**166**), азот оксиді (**38**), күкіртті сутегі (**31**) бойынша байқалды.

2023 жылдың 1-ші жарты жылдығындағы Жаркент қ. атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Жаркент қаласында атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ=2,6 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=10% (көтеріңкі деңгей) **азот диоксидінің** мәнімен көрсетті.

Ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары: азот диоксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттектердің шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік шоғырлар нормативтерінің жоғарылауы бойынша азот диоксиді – 3,7 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,8 ШЖШ_{м.б.} басқа шоғырлар бойынша тіркелген жоқ.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЭЖЛ және ЖЛ) : ЖЛ (10 ШЖШ дан жоғары) және ЭЖЛ (50 ШЖШ жоғары) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері Кесте 10-де көрсетілген.

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Кесте 10

| Қоспа | Орташа шоғыр | | Ең жоғарғы бір реттік шоғыр | | ЕЖҚ | ШЖШ арту жағдайларының саны | | |
|-------|-------------------|-----|-----------------------------|-----|-----|-----------------------------|----|-----|
| | мг/м ³ | ШЖШ | мг/м ³ | ШЖШ | | >ШЖ | >5 | >10 |

| | | о.т. асу еселігі | | м.б.асу еселігі | | Ш | ШЖ Ш | ШЖ Ш |
|------------------|-------|---------------------|-------|--------------------|----|------|--------------|---------|
| | | | | | | | соның ішінде | |
| Күкірт диоксиді | 0,001 | 0,03 | 0,07 | 0,15 | 0 | | | |
| Көміртегі оксиді | 0,87 | 0,29 | 12,04 | 2,4 | 1 | 117 | | |
| Азот диоксиді | 0,15 | 3,7 | 0,51 | 2,6 | 10 | 1335 | | |
| Озон | 0,05 | 1,8 | 0,08 | 0,49 | 0 | | | |

Ең жоғарғы бір реттік шоғырлардың арту саны азот диоксиді (**1335**), көміртегі оксиді (**117**) бойынша байқалды.

Орташа тәуліктік шоғырлар нормативтерінің жоғарылауы азот диоксиді және озон бойынша, әсіресе **азот диоксиді** шоғыры бойынша тіркелді.

Көрсетілген ластану жағдайлары кәсіпорындардың шығарындылары, жеке секторларды жылыту маусымына сай суық уақытқа тән, сонымен қатар автокөлік құралдарының шығарындыларына байланысты болып отыр.

Талдықорған қаласы бойынша эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Талдықорған қаласында ауаның ластануына бақылаулар 2 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Ескелді би көшесі бойындағы облыстық Емхана аймағы; №2 нүкте – «Сити плюс» ОСО аймағы*).

Қалқыма бөлшектер (шаң), азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, фенол және формальдегид бойынша 8 көрсеткіш анықталады.

Бақылаулар деректері бойынша ластаушы заттектердің шоғырлары шекті жіберілетін мөлшер шегінде болды (кесте 11).

Талдықорған қаласында бақылау деректері бойынша ластаушы заттектердің максималды шоғырлары

Кесте 11

| Анықталатын қоспалар | Сынама алу нүктелері | | | |
|----------------------|----------------------|---------------------|----------------------|---------------------|
| | №1 | | №2 | |
| | q _m мг/м³ | q _m /ПДК | q _m мг/м³ | q _m /ПДК |
| Азот диоксиді | 0,010 | 0,05 | 0,010 | 0,05 |
| Күкірт диоксиді | 0,008 | 0,02 | 0,005 | 0,01 |
| Азот оксиді | 0,018 | 0,05 | 0,082 | 0,21 |
| Көміртегі оксиді | 3,17 | 0,6 | 5,310 | 1,1 |
| Фенол | 0,012 | 1,15 | 0,009 | 0,88 |
| Формальдегид | 0,003 | 0,06 | 0,002 | 0,04 |

Метеорологиялық жағдайлар

Қаңтар айында Жетісу облысы бойынша ауаның орташа температурасы 7,3-тен 16,5-ке дейін аязды құрады, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан төмен. Бір айда облыс бойынша жауын-шашын 25-тен 50 мм-ге дейін немесе

одан да көп болды, аумақтың көп бөлігінде жауын-шашын нормадан көп болды, тек облыстың оңтүстігінде нормаға жақын.

Ақпан айында ауаның орташа температурасы 0,7-ден 10,4 аязға дейін болды. Облыс бойынша бір айда 3,1-ден 35,1 мм-ге дейін жауын-шашын түсті, аумақтың көп бөлігінде жауын-шашын нормаға жақын, тек облыстың оңтүстігі мен шығысында нормадан аз.

Наурызда бір айдағы орташа ауа температурасы 0,2 аяздан 9,1 жылуға дейін болды, бұл облыс бойынша нормадан жоғары. Бір айда облыс бойынша жауын-шашын 16,2-ден 68,4 мм-ге дейін түсті, жауын-шашынның көп бөлігі нормаға жақын, тек облыстың оңтүстігінде, шығысында және таулы аймақтарында нормадан көп.

Сәуір айында Жетісу облысы бойынша ауа температурасы 6,2 аяздан 13,5 жылуға дейін болды, бұл облыс бойынша нормадан жоғары. Бір айда облыс бойынша жауын-шашын 5,7-ден 81,5 мм-ге дейін түсті, жауын-шашынның көп бөлігінде нормаға жақын, тек облыстың оңтүстігінде, шығысында және таулы аймақтарында нормадан көп.

Мамыр айында Жетісу облысы бойынша ауа температурасы 10,6-дан 18,4-ке дейін болды, бұл облыс бойынша нормаға жақын, солтүстікте, таулы аудандарда нормадан төмен. Бір айда облыс бойынша жауын-шашын 7,7-ден 65,8 мм-ге дейін түсті, аумақтың көп бөлігінде жауын-шашын нормаға жақын, облыстың солтүстігінде нормадан аз, таулы аудандарда нормадан көп.

Маусым айында Жетісу облысы бойынша ауаның орташа температурасы 17,2-ден 24,4-ке дейін жылуды құрады, бұл облыс бойынша нормадан көп, солтүстік-шығыста, облыстың таулы аудандарында норма шегінде. Бір айда облыс бойынша жауын-шашын 1,2-ден 23,8 мм-ге дейін түсті, облыстың бүкіл аумағында жауын-шашын мөлшері нормадан аз болды.

2023 жылдың 1-ші жарты жылдығындағы ҚМЖ тіркелген жоқ.

2023 жылдың 1-ші жарты жылдық Талғар қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Талғар қаласында атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **жоғары деңгейде** болып бағаланды, $СИ=5,1$ (жоғары деңгей) күкірт диоксиді бойынша және $ЕЖҚ=14\%$ (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: күкірт диоксиді-1,9 ШЖШо.т азот диоксиді-3,8 ШЖШо.т: құрады, басқа ластаушы заттар –ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттарыдың максималды-бір реттік шоғырлары: күкірт диоксиді-5,1 ШЖШм.б, азот диоксиді-2,5 ШЖШм.б: көміртек тотығы-2,2 ШЖШм.б, құрады, басқа ластаушы заттар –ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері 12-Кестеде көрсетілген.

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Кесте 12

| Қоспа | Орташа шоғыр | | Ең жоғарғы бір реттік шоғыр | | ЕЖ Қ | ШЖШ арту жағдайларының саны | | |
|------------------|-------------------|---------------------|-----------------------------|---------------------|------|-----------------------------|-------------|----------|
| | мг/м ³ | ШЖШ о.т.асу еселігі | мг/м ³ | ШЖШм.б .асу еселігі | % | >Ш Ж Ш | >5 ШЖ Ш | >10 ШЖ Ш |
| | | | | | | | оның ішінде | |
| Күкірт диоксиді | 0,10 | 2,0 | 2,54 | 5,1 | 7 | 725 | 1 | |
| Көміртегі оксиді | 0,99 | 0,33 | 11,02 | 2,2 | 0 | 11 | | |
| Азот диоксиді | 0,15 | 3,8 | 0,49 | 2,5 | 32 | 3522 | | |
| Озон | 0,001 | 0,02 | 0,12 | 0,75 | 0 | 0 | | |

3. Алматы қаласы және Алматы облысы, Жетісу облысы бойынша атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Алматы, Ауыл-4, Есік, Қапшағай, Мыңжылқы, Текелі) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамындағы барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШРШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 31,70 %, сульфаттар 26,10 %, кальций иондары 13,22 %, хлоридтер 11,95 %, натрий иондары 7,05 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ауыл-4 – 63,39 мг/л, ең азы Мыңжылқы МС – 29,11 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 35,20 мкСм/см-ден (Текелі МС) 91,69 мкСм/см (Ауыл-4 МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқылды сипатта болып, 6,18 (Есік МС) – 6,80 (Қапшағай МС) аралығында болды.

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Алматыагро, Мыңжылқы, Текелі) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 25,65 %, сульфаттар 27,09 %, кальций иондары 12,85 %, хлоридтер 13,74 % және натрий иондары 8,41 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Текелі МС – 34,69 мг/л, ең азы Мыңжылқы МС – 19,89 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 33,0 мкСм/см-ден (Мыңжылқы МС) 63,1 мкСм/см (Текелі МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болып, 5,93(Алматыагро МС) – 6,15 (Мыңжылқы МС) аралығында болды.

4. Алматы, Жетісу облыстары мен Алматы қаласы аумағындағы жер үсті суларының сапасына Мониторинг жүргізу

Алматы облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелең, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінің 18 су объектісінің 35 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 44 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (pH), ерітілген оттегі, ОБТ5, ОХТ, тұз құрамының бас иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Алматы, Жетісу облыстары мен Алматы қаласы аумағындағы жер үсті суларының сапасы мониторингінің нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Кесте 13

| Су объектісінің атауы | Су сапасының класы | | Көрсеткіштер | Өлше м бірлігі | концентрациясы |
|-----------------------|--------------------|-----------------|--------------|----------------|----------------|
| | 1 тоқсан 2022 г. | 1 тоқсан 2023г. | | | |

| | | | | | |
|--------------------|----------|----------|----------------|--------------------|--------|
| Кіші Алматы өзені | 3 класс | 4 класс | Магний | мг/дм ³ | 38,689 |
| Есентай өзені | 1 класс* | 1 класс* | | | |
| Үлкен Алматы өзені | 2 класс | 1 класс* | | | |
| Іле өзені | 3 класс | 3 класс | Магний | мг/дм ³ | 23,405 |
| Шілік өзені | 1 класс* | 2 класс | Жалпы фосфор | мг/дм ³ | 0,107 |
| Шарын өзені | 3 класс | 3 класс | Магний | мг/дм ³ | 23,267 |
| Текес өзені | 3 класс | 3 класс | Магний | мг/дм ³ | 23,75 |
| Қорғас өзені | 2 класс | 2 класс | Жалпы фосфор | мг/дм ³ | 0,186 |
| Баянкөл өзені | 2 класс | 3 класс | Жалпы фосфор | мг/дм ³ | 0,27 |
| Есік өзені | 2 класс | 4 класс | Қалқыма заттар | мг/дм ³ | 13,833 |
| Қаскелең өзені | 3 класс | 3 класс | Жалпы фосфор | мг/дм ³ | 0,228 |
| Қарқара өзені | 1 класс* | 3 класс | Магний | мг/дм ³ | 24,317 |

| | | | | | |
|---------------------|----------|---------|--------------|--------------------|--------|
| Түрген өзені | 2 класс | 2 класс | Жалпы фосфор | мг/дм ³ | 0,157 |
